

ЕСІЛДЕГІ БІЗДІҢ ОРДА ЕҢСЕЛІ, НҰР ЖАННАТТЫҢ ЖЕРДЕГІ БІР БӨЛШЕГІ

...Ел бірлігін сақтаған таттулықты айты.

Жамбыл



№ 27 (5862)
6 шілде
бейсенбі, 2017 жыл

АТАМЕКЕН



Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

ЕЛ БЕДЕЛІ – ЕЛОРДА



Қадірлі ағайын!

Баршаңызды Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы жылы Елорда күнін мерекелеу халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесінің өткізілуімен ерекшеленді. Қазақстандықтар үшін зор мақтанышқа айналған «ЭКСПО-2017» көрмесі дүние жүзі мемлекеттеріне еліміздің экономикалық әлеуетін, технологиялық даму мүмкіндіктерін көрсетіп, ұлттық болмысымыз бен мәдениетімізді әйгілеуде. ТМД және Шығыс Европа елдері арасында тұңғыш рет өткізіліп отырған жаһандық көрменің ашылу рәсіміне 17 мемлекет пен үкімет басшылары қатысты. Көрмеде 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым өз павильондарын ашып, экспозицияларын әкелді.

«ЭКСПО» бағдарламасында 6 мыңнан аса түрлі іс-шаралар өткізіледі. Көрменің іскерлік бағдарламалары аясында Астана экономикалық форумы, Шетел инвесторларының кеңесі, Ислам ынтымақтастығы ұйымының саммиті сияқты бірқатар ірі халықаралық іс-шаралардың өткізілуі де қарастырылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көрменің ашылу салтанатында «Болашақтың энергиясы» тақырыбындағы «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізудің идеологиясы мемлекеттердің таза энергияны дамытуға бағытталған күш-жігерін тоғыстыруға негізделгенін атап көрсетті. Еліміз бойынша 2050 жылы баламалы энергияның мемлекеттің энергия қорындағы үлесі 50 пайызға жеткізілетін болады. Сонымен қатар, экономикадағы энергияның жұмсалуды да азаяды. Көрме халықаралық ынтымақтастыққа тың серпін беріп, еліміздің ғылымын дамытуға және экономикамызды жаңғыртуға зор септігін тигізеді.

Әр елдің астанасы – сол елдің беделі, ұмтылысы, биікке аяқ салар баспалдағы. Бас қаланың келбетінен шетелдік қонақтар халқымыздың мәдениетін, мінезін, ертеңгі келешегін болжап, тарихын таразылайды. Астана еліміздің татулық пен тұрақтылығының талбесігі ғана емес, өркениеттік идеялар мен ғаламдық ауқымдағы шешімдер қалыптасатын алаңға айналды.

Сарыарқа төсінде аз ғана уақыт ішінде Астана секілді әсем қаланың бой көтеруіне Елбасы ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Жақында ғана Астана қаласындағы халықаралық әуежайға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі беріліп, тарихи шешім қабылданды. Сөйтіп, қазақстандықтардың Елбасына деген ерекше сенімі одан сайын нығая түсті.

Құрметті қауым!

Елбасы атап өткендей, Астананың мерекесі – жалпыұлттық мереке. Өзіне ғана тән қайталанбас келбеті бар, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің рухани орталығы, бейбітшілік пен тұрақтылықтың тірегі, бүгін күллі әлем таныған Елордамыз – Астана қаласы гүлденіп, көркейіп, мәңгілік жасай берсін!

Сіздерді бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Жандарбек ДАЛАБАЕВ,
Жамбыл ауданының әкімі.



*Жұлдыздары жамырап манаураған Астанам,
Еркін аспан астында алаулаған жас қалам.
Алты алаштың әйгілі айбынысың, бас қалам!*

◆ Рухани жаңғыру: ұлттық бірегейлікті сақтау

Барды бағалай білейік

Жер шарын мекен еткен әрбір ұлт өзінің тарихи жады мен болмысын жоғалтып алмауы үшін тілін, дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін сақтап қалуы керек. Сындарлы тарихтың тезіне төзе алмай, ізін құм басып қаншама ойсылқаралар керуеннен бұйдасын үзіп кері шегінді десенізші!

Алмағайып заманда арқасындағы алтынға бола жантақты қорек етіп күн кешкен қара нарлардың табан ет, маңдай тері үшін бүгінгі бота тарих қарыздар.

Осы орайда, халқымыздың «Дабылын үлкен болса, дауысын жер жарайды», – деген сөзі еріксіз ойға оралады. Рухани жаңғыруды тек тілмен ғана айтып, іс-жүзінде керісінше болып жатса, онда болашаққа бағыт алу мүмкін емес. Дей тұрғанмен, жаңа дүниеге қол жеткізу үшін көне соқпақты қайда ығыстырып тастай аласың. Бәрінен айналып кетуге болмайды. Мейлі, ұлттық таным десек те, әр нәрсенің жасығын қалдырып, асылын алу керек. Өркениеттер тоғысқан жаһандануға ұлтымыз өзінің табиғатымен ене алмаса, тағы да қиын.

Көпшілікті толғандырып, көңіліне салмақ салып жүрген «Еліміздің ертеңі не болады, өркениетті қоғамға қалай қадам басамыз», – деген сауалдың қылаң бергеніне нешелеген жылдардың жүзі болды. Әркім өз қиялының жетегіне еріп, түрлі тұспалдар жасап бастады.

Енді біреулер шетелге еліктеп, солардың ұстанған бағытымен жүруді құп көрсе, тағы бір топ: «Өзімізде барды жаңғыртып, соның кем-кетігін толықтап қадіріне жете білсек

жарайды», – деді. Айналып келгенде екінші топ ұтты. Барды бағалаудың бақыты орасан.

Бұл аңыстың барлығы жұрт арасында бірде желдей есіп гүлесе, бірде саябырлап қалатын. Сан ұрпақтың санасына жүк болған «Болашақ не болады?» деген сауалды әркім қадарихалінше түсініп зерттеп, жауабын таппай сансырады.

Кірме дәстүрді бөлекше санамен қабылдап, соған қарай қарманып кеткісі келетін ұшқыр ойлылар қаншама, бірақ көмбеден шыға сала шаң қауып, танауы жерге тигенде ғана есін жиятындар жоқ емес. Себебі, бұл өмір ғой. Адам баласының таным дүниесі жайдақ бола бастаған кезде ой орманын өрт жалмайтыны ақиқат.

Шым-шытырық түстердің көбейіп, адамның ақыл-ойы байыбына бармайтын қаншаалаған тосын жайттар орын алуы – ұлттық кодымыздың қара құлығын тат басқандық. Болашаққа бағдар жасап, рухани сананы сілкіп, қазына кеуде қарттарымыздың далалық мектебін қайтадан қалыптастыруымыз керек. Әйтпесе, мәйекті мәдениетімізден қол үзіп, бақыт таппасымыз анық. Жиырма бірінші ғасырдың қақпасында тұрып, тарихи кезеңге аяқ басып жатқан еліміз үшін қайта түлеудің маңызы орасан. Оған ешкімнің шүбә келтірмегені жөн. Елбасының ұстанған жаңғыру жолы бабалардың дара соқпағымен қайта қауышуға жасалған қарекет. Еңбегі бардың, өнбегі бар. Осы бағытқа сай енді жеделдете іске кіріссек, алдағы күндерден әлі де үміт күтуге болады.

Саяхат ӘСІМХАН.

◆ Дидарғайып

ДАРХАНДЫҚ – ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ

Кеше аудандық кітапханада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Шаймардан Нұрұмыр ауданның бір топ азаматтарымен кездесу өткізді. Кездесуге облыс өкілі, «Достық үйі» қоғамдық келісім орталығы директорының орынбасары Жанат Садықов, аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабаев, аудандық мәслихаттың хатшысы Саят Жұрың мен ауыл тұрғындары қатысты.



Жиын барысында Мәжіліс депутаты:

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бірнеше мәселелер қаралды. Солардың бірі әрі бірегейі «Туған жеріне туынды тік» деуге сай келетін бағыт. Осы бағытта Елбасы әр ауыл мен ауданға, қала мен далаға сол жерде кіндік қаны тамып, туып өскен азаматтарға көптеп көңіл бөлу керектігін ерекше атап өтті. Бұл өте орынды бағдар болды. Себебі, азамат өзінің туған жеріне жағдай жасамаса, оны ешкім сырттан келіп жарылқамайды. Біз, Қазақстан, 130-дан аса ұлт пен ұлысты бір шаңырақтың астында тату-тәтті ұстап отырған мемлекетпіз. Сондай елде өмір сүріп жатқан біз өз тәуелсіздігіміздің қадірін біліп, бағалай түссек ләзім. Осы татулық біздің қазақ халқының ұлттық коды деп айтсам артық етпес. Өйткені, кеңпейіл қазақ халқы құшағына көптеген ұлттарды сидырып отыр. Мұндай дархан мінез тек қазақ халқына тән қасиет. Осы қасиеттен айырылып қалмайық», – деді.

Жиын барысында залда отырған бірнеше азамат халық қалаулысына көкейде жүрген сұрақтарын қойды. Оған тұщымды жауап берген Мәжіліс депутаты кейбір мәселелерді Парламент мәжілісінің отырысында көтеретінін айтты.

Е.ЕРКІН.

АРУ ҚАЛА – АСТАНА

Астана – Қазақстанның мақтанышы, көз қуанышы. Азия құрлығының солтүстігінде кең қанат жайып, жарқырап-жайнап бой көтерген ару да әсем қала.

Елордасын тұрғызу кез келген басшының қолынан келе бермейтін шаруа еді. Енді міне, бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған еркіндігіне қол жеткізген ашық аспан

Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдаса, Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Ақмола атауы Астана болып Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен өзгертілді. Кешегі оқиға бүгінгі тарих, сондықтан атаулы күндер датасы да ел болашағының айшықты бағыт-бағдары.

Иә, 20 жыл уақыт аралығында Астанада бой көтерген нысандар саны жүзден асып жығылады. Мысалы, жаңа Елорданың басты символы болған «Бәйтерек» кешені оның өзіндік бойтұмары десек те болады. Астанаға сапарлатып барған кез келген адам осы монументке жолай соғып, фотосуретке түсуді дәстүрге айналдырған. Басқа сәулеткерлік ғимараттар қатарында белгілі британдық архитектор Норман Фостердің жобасы бойынша пирамида үлгісінде салынған «Бейбітшілік және келісім» сарайы, әлемдегі ең биік шатыр үлгісіндегі ғимарат – «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, теңізден алыс орналасқан океанариум – «Думан» орталығы, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры, Орталық Азиядағы ең ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешіті, Әулие Успен Богородица кафедралдық соборы, Әулие Мария Архиепархиясы рим-католиктік кафедралдық соборы, «Бейт Рахель Хабад Любавич» синагогасы, «Қазақстан» орталық концерт залы, «Қазақ Елі» монументі, қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараттары Астананың көрікті келбетін әлемге әйгілеген құрылыс айшықтары.

Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі, «Алау» мұз айдыны жас спортшылардың жігерін қайрап, жаттығу жасауға арнайы салынған орындары.

Ұлт ұландарының айбыны, кемел келешегінің жетекшісі, қарттардың көз қуанышы, қазақ елінің жүрегі болған Астананың атағы асқақтап, өркениет пен мәдениеттің ошағына айнала берсін!

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

Ел арасында «Мысырдың шәрісіндей», – деген қанатты сөз бар. Бәлкім, осы сөз бір кезде сол қаланың дамыған келбетін айшықтап тұрса керек. Енді бүгінгі жаһандану заманында мұндай сәулетті қала тұрғызу бәсекеге айналғандай. Десе де, ол әркімнің қолынан келе бермейді. Доспанбет жырауша айтсақ, «Айнала бұлақ басы тең, Азуалының Стамбұлдан несі кем», – дегендей, Астананың өзге жұрттың қалаларынан ешқандай кемдігі жоқ.

Көз тоймайды көркіне...

Сарыарқа төрінде самаладай жарқыраған шаһардың көркем келбеті кім-кімді болса да таңғалдырмай қоймайды. Иә, осыдан отыз жыл бұрын медиен жазық даланың бүгінгідей құлпыратыны ешкімнің үш ұйықтаса түсіне де кірмеген еді.

Елбасы өзінің аңғарлы пайым-парасатымен 1997 жылы «Жасыл белдеу» жобасын жүзеге асыруға пәрмен берген кезінде, жұрт бірден қуаттап кете қоймады. Сол жылдары Сарыарқаның сары даласына орман өседі, ол кейін көркейіп-гүлденеді дегенге көпшілік күмәнмен қарады. Бірақ, ғылым мен техниканың, ересен білімнің арқасында бұл күмән бірте-бірте сейілді. Неге дейсіз бе, бар болғаны санаулы жылдар ішінде түрленген қаланың келбеті мен миуалы әсем баятары, сарбаздай сап түзеп, рет-ретімен егілген ағаштары баршаға жоқтан бар жасауға болатынын дәлелдеді. Бұл – Елбасының ерен еңбегінің арқасы.

Қаланы желдің өтінен сақтап, таза оттегімен қамтамасыз етіп тұрған жасыл белдеу жобасы бүгінде еңселі Елорданың мақтанышына айналды. Еліміздің бірнеше тұқымбақтары тынымсыз жұмыс істеп, межелі міндетті бағындырды. Сала мамандары арқаның аязына төзетін және сазды жерді жатсынбайтын бірегей тұқымдарды арнайы тандап сұрыптап алды. Нәтижесінде, қажырлы еңбек Елорданың ажарын аша түсті.

Қазіргі таңда тұтас жаһанның назары Астанаға ауған сәт. Оған дәлел, 10 маусымнан басталған Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесінің өтіп жатқаны. Дүниенің түкпір-түкпірінен саяхаттап келген қонақтардың назары көрмеге ғана түсіп қоймай, ұлттымыздың салт-дәстүрі мен бай мәдениеті де оларды тәнті етуде.

Алаш жұртының айбынына айналған Астана – әсем қала. Қазіргі Астананы барып көру баршаға арман.

Нүсіпбек ЖЕКСЕНҚАДІР.



Бүкіл ел абыройының асқақ көрінісі, мемлекетіміздің мақтан тұтар айнасы. Дүниежүзі халықтарының көпшілігі туристік, дипломатиялық сапармен қонаққа келіп, жас Елордамыздың жылдан-жылға көркейіп, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму қарқынын үдете түскеніне таңырқай да тамсана қарайды. Астана әлем елдерінің тарихында жылдам қарыштап, инфрақұрылымдық сатылардан тайсалмай, табанды өрлеп келе жатқан еңселі шаһарлардың бірі де бірегейі.

Әуелде, жаңа ғана тәуелсіздігін жариялап, қаз-қаз қадам басқан елдің астанасын басқа қалаға ауыстыру кейбір азаматтардың көкейіне даулы пікірлерді ұялатқаны рас. Дегенмен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында бұл алыпқашпа әңгімелердің салмағы азайды. Себебі, батылдық пен прагматизмді қатар ұстанған Президентіміз Астананың Қазақстанның Елордасы болуға әбден лайықты екенін іспен дәлелдеді.

Өрине, қатал климат жағдайында қазіргідей көздің жауын алатын ғимараттарымен, ескерткіш монументтерімен, көрнекі орындары, саябақ-гүлзарларымен қайран қалдыратын

заманында «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі үш ай көлемінде өтіп жатыр. Ол ел мерейін мейілінше нұрландыра түсті. Осы күндері Астанада 100-ден аса ұлттар мен ұлыстар бірлестігі бейбіт келісім мен берік татулық аясында өмір кешуде. Ол еркін еліміздің еңселі абыройы мен ырыс-берекесін арттыра түсті.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жер тақырыбына орай қазір барлық елді мекендер мен қалаларда көрнекті орындарды айшықтап, киелі жерлерді көркейтуге күш жұмсалуда. Еліне еңбегі сіңген азаматтар осы идеяны қолдап, бірлесе әрекет жасауда. Туған жеріне ат басын тіреп, жаңа құрылыс жобаларын жоспарлап, жастардың жағдайын түзеуге ерекше көңіл бөлуде. «Ер туған жеріне...» деген нақыл осыған орай айтылса керек. Себебі, киесі әлемнің қай түкпіріне барсаң да өзіне тартып, жүрегіне маза бермейтін туған өлкенің тарихы да, табиғаты да ерекше ыстық болатыны содан. Ал оны әр адам ішкі мақсатына айналдырса ләзім.


Астана күнінің ресми түрде тойланғанына биыл жиырмасыншы жыл. Өйткені, Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы

ЕЛ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТҚАН КӨРМЕ

Кезекті «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі Қазақстанның Елордасы Астана қаласына бұйырғаны 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХКБ-ның ЕХРО Халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болған еді. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша ХКБ-ның 103 мүше мемлекеті Астана қаласына дауыс берсе, ал біздің бәсекелесіміз бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинаған. Астанада өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты тақырыбына «Болашақтың энергиясы» деген атты ұсыну себебі, ол ең алдымен баламалы энергия көздерін дамытуды қоса алғанда энергетикадағы сапалы өзгерістер жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге бағытталған болатын.

Сонымен әлем халқының назары ауған «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі 10 маусымда ерекше сән-салтанатпен ашылды. Қазір көрмені арнайы келіп тамашалаушылардың қатары күн санап арта түсуде. Осылайша ЭКСПО халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесі мен абыройын күллі әлемге әйгілеуде. Үш айдың ішінде 5 миллионнан астам адам келеді деп күтілуде. «Жасыл экономика» – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика.

Күллі әлем жұртшылығының назарын өзіне қаратқан «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін мен де өз көзімен көріп, тамашалап



қайту үшін Астанаға арнайы бардым. Мың рет естігенше, бір рет көзбен көру әрине, үлкен қуаныш. Әсем Астана қаласының түрленіп, қарыштап дамып келе жатқанының нақты куәсі болдым. Бұл еңбектің барлығы тікелей Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен ерлікке бергісіз ерекше көргендік іс-қимылы мен саикалы саясатының арқасы екені даусыз.

Дөңгелек шар ретінде салынған «Нұр әлем» алыстан көз тартады. Мұнда Қазақстанның көрмелері орналасқан. Серіз

қабатты аралап жүріп, жасыл экономика мен энергия көздерінің көптеген ерекшеліктеріне баса көңіл бөліп, барлық жетістіктерінің куәсі болдым. Нақтылай түссем, «Жасыл экономика» дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлаған екен. Барлығы осы көрмеге қойылған. Он бағыттың ерекшеліктері туралы қазақша, орысша, ағылшынша жазылып көрме залдарына ілінген. Мұнда келушілердің қарасы мол екенін байқадым. Осы жиырма бес жыл ішінде Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан қол жеткізген жетістіктеріне шет елдік қонақтар риза болып, қазақ ұлтының дархандығына тәнті екендігін айтып жатты. Шет ел азаматтарының әрбір жылы сөзі мен Елбасына деген ерекше ықыласын естіп мен де бір маркайып қалдым. «Нұр әлемді» аралай жүріп барлық сала бойынша қол жеткізген мол жетістіктердің бар екеніне қуандым.

Сонымен бірге мен Қытай, Корея, Вьетнам, Германия, Ресей, Африка мен Монаконның көрмелерін аралап, олардың Астанаға жақсы дайындықпен келгенін байқадым. Әр мемлекеттің өзіндік жетістіктері мен ерекшелігі бар екені байқалды.

Көзбен көрген жайды бір сөзбен жеткізу тіптен мүмкін емес. Бір күн бойы көрмені асықпай аралап, олардың ғылыми-техникалық тұрғыдан қарыштап дамығанына тағы бір мәрте көз жеткіздім. Астана көшелері ерекше сән-салтанатымен көз арбайды. Көрмеден шыққан шет елдік қонақтар мен өзге де келушілер арнайы тігілген қазақ үйлерден тамақтанып, концерттік бағдарламаларды көріп, жақсы демалуда.

Қазақтың ұлттық тағамдары мен қымыз, шұбат, құрт-майын, ірімшігін тамсана татып жатты. Қазақи ұлттық киімдері бойларына жарасқан қыз-жігіттер келушілерді құшақ жая қарсы алып, қонақжайлық танытуда. Ұлттық спорттық ойындар көпшілік назарына ұсынылып, күсбегілік- саятшылық өнерлерін шет елдік қонақтардың назарына ұсынып жатты.

Түрлі ұлттық ат спорты ойындары – бәйге, көкпар, қыз қуу мен аударыспақ, теңге ілу барлығы осы «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін келген шетелдік қонақтардың назарына ұсынылды. Күнделікті таңның аттысынан күннің батысына дейін түрлі шоу бағдарламалар мен қазақтың ән мен күйі, ырғақты биі жалғасып, ұлттар мен ұлыстардың көңілінен шықты. Көптеген су бұрқақтарының басты ерекшеліктеріне таңдай қағушылардың қатары тіптен көп. Осы жайларды көріп, қазақ ұлтының тұлғасы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел алдындағы өлшеусіз еңбегіне риза болдым.

Халықаралық көрменің Астанада өтуі алпауыт мемлекеттер алдында асқақ абырой, мерейлі мәртебе. «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ, оған мүше өзге де елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізілгені анық. Көрмені көріп, Астананың жаңаша кескін-келбетіне назар аудару жүріп, өзіміздің қазақ екенімізді мақтан тұттым. Қазақстанның жүрегі саналған Астана асқақтай берсін деп тілеймін.

Баян ҚОЖАБАЕВА,
Ұзынағаш ауылы.

ҚАСТЕК — ЖЕТІСУДАҒЫ КӨНЕ ҚАЛА

Шу-Балқаш атырабындағы көне қалалардың қалыптасу тарихы жайында сөз болғанда алдымен Қойлық, Алмалы, Талхиз (Талғар), Баласағұн және Қарамерген шаһарлары жайлы жиі айтылады. Осы қалалар туралы тарихи деректер Махмұд Кашкардың («Диуани лұғат-ат-Түрк») және XIII ғасырда Еуропадан Орталық Аияға сапар жасаған Вильгельм де Рубруктың еңбектерінде жазылады. Бірақ, Алакөл мен Балқаш, Іле мен Шу арасындағы далада көне қалалар мен елді-мекендер осы шаһарлармен ғана шектелмейді.

Жетісуды ежелден қоныстанған сактар, ғұндар мен түркілердің жалғасы қарлұқ, қимақ, қарахан қағандықтарынан қалған қалалар әлі де анықталып жатыр. Оған кейінгі жылдары археологиялық экспедициялар барысында табылған ежелгі қоныстар дәлел. Біздің дәуірімізге дейінгі 13 ғасырдағы сактардан қалған «Таңбалының» өзі адамзатты әлі де таңғалдырып келеді. Ал одан

көне қаланы алты жыл бойы зерттеп жатқан археолог-ғалым.

Иә, топыраққа бүккен тарихты жарыққа шығарушы ғалым көтелеспейді. Оған нақты дәлел мен заттық деректері жетерлік. Арнабай Нұржанов Құлан қаласынан да шарап сақтайтын бекместер тапқан. Қастектен де сондай бекмес шығып отырғаны бекер емес. Ал жыланбас құмыраның табылуы — осы жерді мекендеген қолөнершілердің асқан шебер болғанын көрсетеді. «Жалпы, жыланды мүсіндеп, өнерде бейнелеу негізінен христиан дінін ұстанған халықтарға тән», — дейді археолог. Жергілікті мүсін өнерінде ол сирек кездеседі. Бірақ, құмыраның жасалу технологиясы мен қолданылған саз балшығы жергілікті. Демек, Жібек Жолы бойында орналасқан қалаларда тұратын қолөнершілер мен ұсталар белгілі бір ұстаным шеңберінде қалмаған. Олар бір-бірімен тәжірибе алмасып, үнемі шеберлігін шыңдап, бар білгенін кейінгі



басқа осы өңірдегі көне қорғандар, қорымдар мен қоныстар қаншама.

Суықтөбенің етегіндегі Қастектің де тарихы тым тереңде жатыр. Қазіргі Қастек ауылының іргесіндегі көне шаһар 1981 жылы Жетісудағы археологиялық экспедициялық барлау жұмыстары кезінде табылды. Бірақ, қаланың орнын нақты белгілеп, қазба жұмыстарын бастау 30 жылға шегеріліпті. Яғни, X-шы ғасырда салынған қаланы түбегейлі зерттеу 2011 жылы ғана басталған. Археологиялық тұрғыдан ол тарих ғылымы үшін жаңа нысан болып есептеледі. Ежелгі қоныстағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына Өлкей Марғұлан атындағы археология институты кіріскен. Институттың жетекші ғылыми қызметкері, археолог-ғалым Арнабай Нұржанов Қастектің көне атауы Қара-Қасман болғанын айтады. «Ежелгі қаланың аумағы 30 гектар жерді алып жатыр. Қаланың сәулеті ортағасырлық шаһарларға тән. Төрт жағынан мұнаралар тұрғызылып, қабырғалары биік дуалдармен жалғасқан. Олардың биіктігі 6-8 метрге дейін жеткен. Сан ғасырлардан бері табиғаттың әсерімен бүлініп, мүжілген, қираған қабырғаларының қазіргі биіктігі 1 метрге жетер-жетпес. Шаһарда ғұрыптық ошақтар, ғибадатханалар, қоймалар мен 33 шеберхананың орны анықталды. Яғни, мұнда темір балқытушылар мен ұсталар, қолөнершілердің тұрғаны анық.

Ұлы Жібек Жолының бойында орналасып, сауда керуендері өткендіктен оның саяси-экономикалық, әрі мәдени маңызының жоғары болғанын көреміз. Сол заманда бұл аймақта мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығы қатар дамыды. Тіпті жергілікті тұрғындар бау-бақша өсіру ісін жетік білген. Оған мысал ретінде қазба жұмыстары кезінде арпа, бидай, тары мен жүзім дәндерінің табылғаны айғақ. Жеміс шырындары, алма мен жүзімнен жасалған шарап 1 жылға дейін қыш құмыраларда сақталатын. Сондай ыдыстар әлі де табылып жатыр», — дейді Қастектегі

ұрпаққа аманат етіп отырған. Сонымен қатар қаладағы өркениеттің озық болғанын инженерлік жүйелерден қалған су арналары да айқындай түседі.

Егін шаруашылығымен айналысу үшін алдымен су қажет екені аян. Егер, ірі қалалардың барлығы өзен жағалауында салынғанын ескерсек, Қастек те солардың қатарында. Қастектен су құбырының бөлшегі де табылып отыр. Археолог Жетісуда отырықшылықтың ежелден-ақ болғанын айтады. «Қала мәдениеті мен өркениеті Орталық Азиядан басталатыны жөнінде пікірлер көп. Осыдан екі жыл бұрын Отырар қаласында X-шы ғасырға жататын унитаз табылған. Ойлаңызшы, сонау X ғасырда! Енді сіз сол кезеңдегі Еуропа мегаполистеріндегі жағдаймен салыстырып көріңіз. Париж немесе Мадридті алайық. Ондай бұйым тұрмақ, оларда су құбыры болды ма? Мәселен, Франция астанасына жер асты су құбырлары мен кәріз жүйесі Рим империясының дәуірлеп тұрған тұсында жүргізілгенін тарихтан білеміз. Алайда, кейін олардың санасындағы тазалық түсінігі мүлдем өзгеріп, ұмытыла бастаған. Бірнеше ғасыр өтіп, қала халқы тұрмыстық қоқыстарын көшеге төгуді дағдыға айналдырады. Ескі кәріз жүйесі әбден бітелгендіктен, инфекциялық аурулар таралады. Қаланың адам төзгісіз ластығынан 1131 жылы Людвиг VI патшаның ұлы Филипп ашық жатқан су тоспасына құлап, ауру жұқтырып, көп ұзамай дерті асқынып көз жұмады. Міне, осындай қайғылы жағдайлардан кейін екі ғасыр өткен соң ғана Париждегі су арналары қалыпқа келе бастайды. Ал сол кезде орта ғасырларда, Қараханидтер дәуіріндегі қала тұрғындары су жүйесін пайдаланып отырған. Бұл халықтың сондағы мәдениеттілігі мен өркениетін көрсетеді емес пе?»

Жалпы, «Археология тарихи кезеңді тудырады» дейді польшалық ойшыл Станислав Ежи Лец. Қастек қана емес, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы жүргізілген



қазба жұмыстарынан табылған жәдігерлер тарихымызға терең үңілдіріп, бұрынғы қалыптасқан қасаң көзқарастың өзгеруіне әсер етері сөзсіз. Адамзаттың алтын бесігі Алтайдан басталып, түркілер арқылы күллі әлемге таралды дейді белгілі түрколог ғалым Мұрад Аджи. «Дешті Қыпшақ «жабайы» немесе көшпенді болған жоқ. Өйткені ол жердің халқы қалалар мен бекеттерде тұрды. Жезден металлды өндіруді өзге елден бұрын игерді. Темірден тұрмыстық құралдар мен қару-жарақ жасайтын. Дәл сол кезеңде Рим империясының өзі қола дәуір жағдайында қалып қойған. Олар темірді мүлдем білмеді десе де болады. Тек императорлық әскер қолбасшылары ғана болат семсерлермен қаруланатын. Ал ол қаруға римдіктер қалай қол жеткізгені әлі де белгісіз. Бұл сұраққа батыстық тарихшылар әлі жөнді жауап бере алмай жатыр» дейді ол өзінің «Тюрки и мир» атты кітабында.

Адамзат өркениетінің өрлеу кезеңін асқан кеменгерлікпен пайымдап, тарихи ақиқатты анықтауда аянбай ізденген ғалымның ғаламат еңбегі әлемдік тарихты мүлдем басқа тұрғыдан, батыстық ұғым негізінде қалыптасқан қағидалардан тыс танытады. Жоғарыда сөз еткен халық мәдениетінің өзгелерден ілгері болғаны жөнінде Қастектен табылған және бір тұрмыстық зат — тіс тазалауышты айталық. Қазіргі тілмен айтқанда, күнделікті санитарлық тазалық құралының шығу тарихы тым ертеде. Оның елімізге Еуропадан, Батыс әлемінен келмегені айқын. Отаршылық саясат жүргізіп, өз идеологиясын тықпалаған орыста да ол мүлдем болмаған. Қайта бұл бұйым Батысқа осы жерден жеткен. Ежелгі қала тұрғындары яғни, қарлұқтар мен қараханидтер оны мал сүйегінен (піл сүйегі де кездеседі) жасап, ұшына жылқы қылын жабыстырған. Көне тіс тазалауыштар — мусуқтар (мәсуік) қазір Алматы мұражайында тұр.

Ал XVI ғасырда Еуропада тіс тазалауыштар негізінен тиін мен борсық жүнінен жасалатын. Алайда, оның иісі жағымсыз, әрі қылы өте жұмсақ болғандықтан пайдаланудан тез шығып қалған сияқты. Әйгілі Наполеон Бонапарт тісін теңіз құмымен тазалап, ауруды басу үшін оған апиын қосқаны жөнінде дерек бар. Кейін еуропалықтар тіс тазалауда жылқы қылының артықшылығын түсініп, соны пайдалануды жөн деп тапты. Міне, бір ғана бұйымнан түйсікке көп нәрсені түюге болады емес пе?» дейді Арнабай ағамыз.

Қастектегі кезекті қазба жұмыстары кезінде археологпен сұхбаттасудан және «Древности Жетісу. Памятники археологии Жамбылского района» атты тарихшы-археологтардың ғылыми еңбектері жинақталған кітаптан осындай құнды әрі қызықты мәліметтерді білдік. Шу мен Іле атырабын байланыстырған Қастек тек сауда керуендері тоқтайтын бекет қана емес, әскери бекініс те болатын. Қастек асуы жөнінде XIV ғасырдағы Ақсақ Темір әскерінің сапарын баяндайтын тарихи деректерде айтылады. Сол деректерге сүйенсек, 1390 жылы Темір әскері Іле алқабынан Атбашқа Қара-Қасман (Қастек) асуы арқылы өткен. (Умурзаков С.У. К исторической топонимике Киргизии) Ономастика Средней Азии, -М: Наука ГРВЛ, 1978 - 53-58).

Әскердің екінші сапары 1390 жылы болды. Ертіске қашқан Қамар ад-диннің артына түскен Әмір Темір әскері Ташкенттен Ыстықкөлге тоқтайды. Сосын таудан өтіп Қастекке, кейін Алмалық (Алматы) арқылы Ілеге түсіп, өзенді бойлай шығыстағы Ертісті бетке алған. (Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг.).

Міне, қазіргі Қастектің кемінде 1100 жылдық тарихы бар. Жамбыл ауданындағы тарихи-археологиялық ескерткіштер есепсіз. Республика аумағында 2700 тарихи нысанның тек 216 ғана мемлекет қорғауына алыныпты. Солардың қатарына Қастекті де жатқызуға болады. Археологтар Жамбыл ауданындағы Қарғалы, Самсы мен Ақтерек ауылдарының қазіргі орналасқан жерінде ежелгі елді мекендердің болғанын дәлелдеп келеді. Ал Арнабай Әбішұлы Алматы мен Ақтерек арасында әлі зерттелмеген 14 қала жатыр дейді. Бірақ, бір ғана Қастекті толық зертеу үшін 20 жыл уақыт қажет екен. Алты жылда табылған жәдігерлер тарихты зерттеушілердің ғылыми еңбек жазуына аса құнды дерек, теңдессіз рухани азық болары сөзсіз. Одан бөлек топыраққа көмілген сыр қаншама?

Осыдан бірнеше жыл бұрын көне қала орнында қазба жұмыстары басталғанынын естіген Ұлыбритания, Франция, Германия мен Жапонияның тарихшы-археологтары мұхит пен құрлық асып келіп, Суықтөбенің тамаша табиғатына тамсанғанымен, көне қаланың қараусыз қалып, қоршаусыз тұрғанына таң қалып кетіпті. Тамыры терең тарихымыздың аса құнды дүниелерін қастерлеу бабалар алдындағы борыш, кейінгі ұрпақ алдындағы парыз пен аманат. Дегенмен, ол сөз жүзінде ғана емес, іс-әрекетпен жалғасса игі еді. Осындай қаласы бар өзге жұрт баяғыда әлемге жар салып, мақтанып, әрбір тасын бағалап, аспан астындағы мұражайға айналдырып жіберер еді-ау. Ол және туризм мен кәсіпкерліктің дамуына да айтарлықтай ықпал етері даусыз.

Көршіміз Өзбекстанда бұл мәселеге ерекше мән беріледі. Ферғана мен Бұхара сынды ортағасырлық шаһарларын өзбек ағайындар жаһанға әйгілеп, шетелдік туристерді тартып, тарихын таныстырып, табыстан табысқа кенеліп отырған жоқ па. Ендеше, Қастекті де сондай туризм аймағына айналдыруға не кедергі? Табиғаты сұлу Суықтөбенің бір өзі не деген байлық! Ал көне Қастек сынды тарихи ескерткіштерімізге немқұрайды қарамай, оны қастерлеп, қадіріне жете білсек, елдігіміз бен кемелдігіміздің көрінісі жарқырай түспес пе еді.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз — ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

...Ұлытау төңірегіндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» деген болатын. Ендеше, көне Қастек арқылы да ел мен жердің тарихын тереңірек пайымдап, ұлт бірегейлігінің мызғымас негізін құрауға жол ашсақ, халқымыздың рухани жаңғыруына бұл да бір елеулі үлес болып қосылар еді деген ойдамыз.

Алмас САДУАҚАС,
республикалық «Хабар» арнасының
Алматы қаласындағы меншікті тілшісі.

Мыңбаев селолық округі әкіміне кандидат ӨТЕПОВА Зәмзәгүл Қазықызының өмірбаяны



Өтепова Зәмзәгүл Қазықызы – 1968 жылы 9 наурызда Қызылорда облысы, Арал қаласында туған. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Мамандығы – есепші. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Екі ұлы бар.

1986 жылы Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығына №1 ферманың жұмысшысы болып қабылданған, 1987 жылы мал шаруашылығының есепшісі, 1988 жылы есеп-айыру столына, 1992 жылы материалдық столына ауыстыру тәртібімен есепші қызметінде болған.

Осы аталған шаруашылықта 1995-1997 жж. бас экономист қызметін атқарған.

1997-2001 жж. Алматы қаласында «EQUIVALENT», 2001-2003 жж. аралығында «АйС-Инвест» ЖШС бас бухгалтері қызметін атқарған. 2003-2005 жж. аралығында

Алматы облыстық статистика басқармасында жетекші маман қызметін 2005 жылға дейін атқарған. 2005 жылдан осы уақытқа дейін Мыңбаев селолық округі әкімінің аппараты ММ-де бас маман қызметінде.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- 1. Елбасының, облыс, аудан әкімінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауыл экономикасын көтеруге баса назар аудару;
- 2. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мақсатында кәсіпкерлік нысандарын арттыру және әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосатын азаматтарды (инвесторлар) тарту;
- 3. Жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуын, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастыру.

Мыңбаев селолық округі әкіміне кандидат БАЯМАНОВ Данияр Базарбайұлының өмірбаяны



Баяманов Данияр Базарбайұлы – 1978 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылында туған.

Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылында Октябрь орта мектебін 1995 жылы бітірген.

1995-1997 жылдары орта буынды медицина қызметкерлерін дайындау және жетілдіру жөніндегі Республикалық колледжіне түсіп, ортопедиялық стоматология мамандығын алған.

2003-2006 жылдары Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетін «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау» мамандығы бойынша тамамдаған.

2006-2008 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университетін заңгер мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

2004-2008 жылдар аралығында жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Жамбыл жер кадастрлық филиалында техник болып жұмыс атқарған.

2008-2013 жылдар аралығында Жамбыл ауданының жер қатынастары бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқарған.

2013 жылдан бүгінгі күнге дейін Жамбыл ауданының жер қатынастары бөлімінде бас маман болып қызмет атқарады, «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- 1. Ауыл ішіндегі көшелердің жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- 2. Ауыл шаруашылығын өркендетуді қолдау. Кәсіпкерлікті дамыту. Кіші және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету;
- 3. Халықты жұмыспен қамту мақсатында жаңа жұмыс орындарын ашуға өзіндік үлес қосу;
- 4. Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру, көркейту, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу.

Мыңбаев селолық округі әкіміне кандидат ӘБДУӘЛИ Дәурен Нұрмұханбетұлының өмірбаяны



Әбдуәли Дәурен Нұрмұханбетұлы – 1987 жылы Сарыбастау ауылында туған. Ұлты – қазақ.

Сарыбастау ауылындағы орта мектепті 2005 жылы бітіріп, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетіне түсіп, 2009 жылы тарих мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2012 жылы Тараз қаласындағы Тараз Инновациялық Университетіне түсіп, 2015 жылы қаржыгер маман атанды.

2010-2012 жылдары Ұзынағаш селолық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, 2012-2013 жылдары Ұзынағаш селолық округі әкімі аппаратының бас маманы, 2013-2015 жылдары Ұзынағаш селолық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарған. 2015 жылдың шілде айынан бастап Жамбыл аудандық білім бөліміне қарасты әскери-патриоттық клуб басшысы. 2015-2016 жж. Қарғалы селолық

округінің әкім болды. 2016 жылдың наурыз айынан бастап осы уақытқа дейін «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының консультанты. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Үйленген, 1 баласы бар.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- 1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт Жоспарының –100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық іс-қимыл жоспарын іске асыру;
- 2. Ауыл ішіндегі көше жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- 3. Ауыл шаруашылығын өркендетуді қолдау. Кәсіпкерлікті дамыту. Кіші және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету;
- 4. Халықты жұмыспен қамту мақсатында жаңа жұмыс орындарын ашуға өзіндік үлес қосу;
- 5. Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру, көркейту, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу.

Бозой селолық округі әкіміне кандидат САБИРОВ Әнуар Жеңісбекұлының өмірбаяны



Сабиров Әнуар Жеңісбекұлы – 1975 жылғы шілденің 8-де Алматы қаласында туған. Ұлты – қазақ. 1991 жылы Алматы қаласындағы жалпы орта мектепті бітірген. Білімі – жоғары. Мамандығы инженер-механик, қаржыгер және заңгер.

Еңбек жолында 1995-2000 ж.ж. аралығында Алматы қаласындағы электр жүйесін өндіру өндірісінде жұмыс атқарған. 1997-1999 ж.ж. аралығында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде өз азаматтық борышын өтеген.

Алматы қалалық әкімдігінің «Көлік шаруашылық» бөлімінің техникалық қауіпсіздік инженері, одан кейін «Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» Департаментінде еңбек жолын жалғастырған. Бостандық ауданында Кірістер басқармасының қаржы маманы болып

жұмыс атқарған. Одан соң Алматы қаласы, Бостандық ауданының «Жергілікті басқару және өзін өзі басқару» комитетінің төрағасы болып жұмыс атқарды. 2016 жылдың шілде айынан бастап осы уақытқа дейін Ұзынағаш селолық округі әкімінің орынбасары. Үйленген, 1 баласы бар. «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- 1. Селолық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайының қарқынды дамуын қамтамасыз ету;
- 2. Ауылдың санитарлық тазалығын сақтау, абаттандыру, көшелерін жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- 3. Жұмыссыздықпен күресу, ауылға инвесторларды тарту, кәсіпкерлікті дамыту, ауыл шаруашылығының өркендеуіне жағдай жасау.

Бозой селолық округі әкіміне кандидат МАЛТАБАРОВ Ербол Сағымбекұлының өмірбаяны



Малтабаров Ербол Сағымбекұлы – 1976 жылы 18 қаңтарда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарасу ауылында туған.

1983 жылы осы Қарасу орта мектебіне қабылданып, 1993 жылы осы мектепті тамамдаған.

1993-1998 жылдары Қазақ Мемлекеттік Аграрлық университетінде тауартанушы-инженер мамандығы бойынша жоғары білім алған.

1999-2000 жылдары “Ақниет” Заң колледжін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

2004-2006 жылдары Қазтұтыну одағының Қарағанды Экономикалық Университетінен құқықтану маманы атанды.

2002-2011 жылдары Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы қызметін атқарған.

2011 жылдан бастап Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде, жұмыспен қамту секторының менгерушісі. Үйленген, 2 баласы бар.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- 1. Халықты жұмыспен қамту және тұрмысы төмен отбасыларына әлеуметтік көмек берілуін ұйымдастыру;
- 2. Шаруа қожалықтарының, кәсіпкерліктің дамуына ықпал жасау;
- 3. Жер қатынастары мәселелерін реттеу;
- 4. Елді мекенді көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту шараларын ұйымдастыру;
- 5. Азаматтардың өтініштерінің, арыздарының заң талабына сәйкес қаралуын, олардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 6. Денсаулық сақтау, білім және спорт салаларын дамытуға, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырылуына көмек көрсету.

Бозой селолық округі әкіміне кандидат БАШЕНОВ Бауыржан Жақыпбекұлының өмірбаяны



Башенов Бауыржан Жақыпбекұлы – 1985 жылы желтоқсанның 10-да Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Жайрем ауылында туған. Ұлты – қазақ.

2003 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы № 4 орта мектебін бітірді.

2003-2008 ж.ж. Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің студенті.

2008-2009 ж.ж. Талғар қаласы Племзавод «Алматы-1» шаруашылығында жұмыс істеді.

2009-2010 ж.ж. «Алматы гидрогеология» ЖШС-де жұмыс істеді.

2010-2016 ж.ж. Қарғалы селолық округінде бас маман қызметін атқарды.

2016 ж. сәуір айынан бастап осы уақытқа дейін Қарғалы ауылдық округі әкімінің орынбасары. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Үйленген, 2 баласы бар.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- 1. Селолық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;
- 2. Білім беру жүйесінің дамуына атсалысу;
- 3. Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту;
- 4. Кәсіпкерлерге мүмкіндігінше қолдау көрсету.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Бозой және Мыңбаев селолық округтерінде кандидаттардың таңдаушылармен кездесуі Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би көшесі, № 170 мекенжайда орналасқан Жамбыл аудандық орталық кітапханасында 2017 жылғы шілденің 11-і күні сағат 10.00-де өтеді.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы маусымның 14-дегі «Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы «Жамбыл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы» №10-53 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №16-101 шешімі	
Нормативтік құқықтық акт 2017 жылғы маусымның 21-де Алматы облысының әділет департаментінде нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №4247 болып енгізілді	
Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы «Жамбыл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы» №10-53 шешіміне өзгерістер енгізу туралы	

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 106-бабы-ның 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл аудандық мәслихатының «Жамбыл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы» 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №10-53 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4036 тіркелген, 2017 жылдың 7 қаңтарында, 2017 жылдың 14 қаңтарында, 2017 жылдың 21 қаңтарында «Атамекен» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. 2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2017 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 17 718 487 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер 3 230 114 мың теңге; салықтық емес түсімдер 16 508 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 60 000 мың теңге;

трансферттер түсімі 14 411 865 мың теңге, оның ішінде:

Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 маусымдағы “Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы “Жамбыл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы” №10-53 шешіміне өзгерістер енгізу туралы” №16-101 шешіміне қосымша	
Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы “Жамбыл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы” №10-53 шешімімен бекітілген 1 қосымша	

Жамбыл ауданының 2017 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сынып	Ішкі сынып	Аталуы	Сомасы (мың теңге)
			1 Кірістер	17718487
1			Салықтық түсімдер	3230114
	1		Табыс салығы	216000
		2	Жеке табыс салығы	216000
	4		Меншікке салынатын салықтар	2890814
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2605434
		3	Жер салығы	20100
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	258700
		5	Бірынғай жер салығы	6580
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	85080
		2	Акциздер	9200
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	20100
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	54600
		5	Ойын бизнесіне салық	1180
	8		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәжілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	38220
		1	Мемлекеттік баж	38220
2			Салықтық емес түсімдер	16508
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5608
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	190
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5418
	4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3900
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3900
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	7000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	7000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	60000
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10000
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	50000
		1	Жерді сату	50000
4			Трансферттердің түсімдері	14411865
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	14411865
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	14411865

Функционалдық топ	Кіші функция	Бағдарлама әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	17786440
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	639314
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	584051
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17071
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16906
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	165
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	94693
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	90613

ағымдағы нысаналы трансферттер 2 864 684 мың теңге;

нысаналы даму трансферттері 5 460 341 мың теңге;

субвенциялар 6 086 840 мың теңге;

2) шығындар 17 786 440 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 27 260 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 61 263 мың теңге;

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің 26.06.2017 жылғы №17-1-39/936-И тапсырмасына сәйкес аймақтық филиалдарда жоғарғы өрт қауіпсіздігіне қарсы іс-шаралар жүргізіліп отыр.

Орман өрті орын алған өңірлерде сақтық шараларын атқару мақсатында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетіне (8-707-274-98-37) немесе Республикалық диспетчер қызметіне (8-727-2-71-81, 8-727-390-03-14), сондай-ақ «Охотзоопром» мекемесіне (8-727-383-95-00) хабарласуларыңызды өтінеміз.

А.СӘКИЕВ,
Е.ӨКІШБАЕВ,
Қ.БӘЙТІМБЕТОВ,
“Жусандала” ерекше қорығының инспекторлары.

ДОГОВОР (публичный) на водоснабжение и водоотведение

с. Каргалы. 10 января 2017 г.
Районное ГКП на праве хозяйственного ведения «Каргалы Су» Гос.регистрация № 584-1907-03-ГП от 02.04.2012 г., действующее на основании Устава от 28.02.2012 г в лице директора Билисбекова Ш.Ш. именуемое в дальнейшем «Услугодатель». Юридический адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с.Каргалы, ул .Подгорная 61в с одной стороны и жители с.Каргалы Жамбылского рай-она, Алматинской области с другой стороны, именуемые в дальнейшем «Потребители», заключили договор о ниже-следующем:

1. Предмет договора
1.1 Услугодатель представляет Потребителям комму-нальные услуги по водопотреблению и водоотведению в строгом соответствии с настоящим договором, Правилами предоставления коммунальных услуг, Водным кодексом РК, Гражданским кодексом РК, а Потребители обязуется своевременно производить оплату за предоставленные услуги.

1.2 Режим предоставления услуг – круглосуточный.
1.3 Границей раздела эксплуатационной ответственно-сти водопотребления и водоотведения является колодец в месте присоединения к магистральной сети водоснабже-ния и канализаций.

2. Условия прекращения и подключения подачи услуги
2.1 Прекращение и приостановление подачи услуги производится в случаях:

1) аварийной ситуации, либо угрозы жизни и безопа-сности граждан;
2) самовольного присоединения к сети Услугодателя или с отклонением от Технических Условий;
3) отсутствие платы в течении одного месяца следую-щего за расчетным периодом;
4) неоднократного недопущения представителей Услугодателя к внутренней сети водопотребления;
5) необходимости проведения дезинфекции трубопро-вода и в других случаях, предусмотренных нормативными правовыми актами и соглашениями сторон;
2.2 В случаях оговоренных пунктами 2,3,4 повторное подключение производится после погашения долга и вне-сения платы за подключение.

3. Стоимость и порядок оплаты услуг
3.1 Плата производится по тарифам, 34,10 тенге за 1 куб. м. воды за водопотребление и 38,27 за 1 куб.м воды за водоотведение, утвержденным регулирующим органом. При возрастании тарифа, связанном с общим ростом цен, Потребители обязаны производить доплату за период на который утвержден новый тариф. т.е. с момента удорожа-ния элементов калькуляции. Стоимость услуг, равно как и иные условия договора, устанавливается одинаковой для всех потребителей, кроме случаев предоставления услуг с учетом льгот и преимуществ, установленных законода-тельством РК.

3.2 Оплата производится Потребителями ежемесячно за фактически предоставленное количество услуг на осно-вании платежного документа не позднее 1-го числа следу-ющего за расчетным периодом.

4. Учет отпуска и потребления услуг
4.1 Количество отпущенной воды по водоснабжению и водоотведению определяются по показаниям водомер-ных счетчиков, а при их отсутствии расчетным путем по нормам водопотребления, согласно СНиП РК, плюс коли-чество воды. отпущенное на полив из расчета на единицу площади.

4.2 При наличии дополнительных источников водо-снабжения и не предоставления Потребителями данных об объемах, объем определяется в соответствии с пропуск-ной способностью трубы при скорости 2м/сек. и действия ее полным сечением в течении 24 часа в сутки.

4.3 Обеспечение сохранности внутренней системы водоснабжения возлагается на Потребителей.

5. Права и обязанности сторон
5.1 Потребители имеют право:
5.1.1 На получение услуг установленного качества, безопасного для его здоровья в соответствии с условиями настоящего договора;

5.1.2. Обжаловать в уполномоченный орган или в су-дебном порядке действия или бездействия Услугодателя противоречащие законодательству РК;

5.1.3 Требовать от Услугодателя перерасчета в случае недополучения в полном объеме услуг при предоставлении подтверждающих документов, установленных законода-тельством РК;

5.1.4 Обеспечить безопасность и безаварийность эк-сплуатации находящегося в его ведении водопроводных сетей, оборудования связанных с водоснабжением;

5.1.5 Расторгнуть договор в одностороннем порядке при обязательном письменном уведомлении об этом Услу-годателя не позже чем за один месяц, при условии полной оплаты за использованные услуги, а также отключении объекта от сети водоснабжения и водоотведения;

5.2. Потребители обязаны:
5.2.1 Своими силами и за счет своих средств осу-ществлять эксплуатацию и ремонт сетей от места врезки в магистральную сеть согласно технических условий, полу-ченных в Районном ГКП «Каргалы Су»;

5.2.2 Производить оплату за водопотребление и водо-отведение по нормам и утвержденным тарифам не позднее 1-го числа месяца следующего за расчетным;

5.2.3 В случае изменения в установленном порядке тарифов за водопотребление и водоотведение или норм, расчет за услуги производить по измененным тарифам или нормам со дня их введения;

5.2.4 Следить за исправным состоянием водопровод-ной сети построенной Потребителями, за состоянием во-доразборных кранов и запорной арматуры сливных бачков, обеспечить свободный доступ к водопроводному крану работникам Услугодателя (при наличии удостоверения) для осмотра, контрольного снятия показаний наличие пломб и проверки оплаты за водопользование. Замеченный порыв на сетях должен немедленно ликвидироваться Потребите-лями;

5.2.5 Содержать в технически исправном состоянии сети. При необеспечении доступа контролера к водопро-водному крану, количество израсходованной воды опреде-ляется по пропускной способности трубы водопроводного

ввода при скорости движения воды в ней равной 2м/сек., в течении 24-х часов в сутки со дня последней проверки (или последних оплаченных квитанции) по день обнаружения;

5.2.6 Потребители не имеют права разрешать подклю-чения к своей сети других потребителей без письменного на то согласия Услугодателя и представления Услугодате-лем исполнительских схем «Субабонента», в противном случае договор считать расторгнутым и Потребители от-ключаются от коммунальной сети;

5.2.7 Все изменения, приведшие к перерасчету оплаты, осуществляются с момента подачи заявления Потребите-лем.

5.2.8 Предоставить правильные данные о водопользо-вателях.

6. Права и обязанности Услугодателя
6.1 Услугодатель имеет право:

6.1.1 Своевременно и в полном объеме получать плату за предоставленные услуги;

6.1.2 Устанавливать в соответствии с законодательст-вом технические требования, обязательные для соблюде-ния;

6.1.3 Осуществлять контроль потребления и оплаты услуг;

6.1.4 Прекратить или ограничить объем услуг Потре-бителям в случаях угрозы возникновения аварии в распре-делительных сетях, а также устранения их последствий;

6.1.5 В связи с неоплатой Потребителями использован-ных услуг в установленное настоящим договором время, Услугодатель имеет право предупредить Потребителей о проведении оплаты в течении 3-х дней, по истечении ука-занного срока с момента предупреждения –в односторон-нем порядке приостановить исполнение договора и про-извести отключение Потребителей от магистральной сети;

6.1.6 При несвоевременной оплате услуг Потребителя-ми, взыскать задолженность в судебном порядке согласно ст. 139 ГПК РК;

6.1.7 Если потребители отключены в установленном порядке за неуплату использованных услуг, то повторное подключение производится после погашения долга и вне-сения платы за подключение;

6.1.8 Осуществлять контроль за тех состоянием сетей Потребителей, их эксплуатацией в соответствии с Прави-лами и нормами;

6.1.9 За нарушение правил водопользования, имеет право начислить оплату за водопользование согласно про-изведенного расчета плюс пени в размере 0,1% со дня по-следней проверки.

6.2. Услугодатель обязан:
6.2.1 Обеспечивать объем услуг в соответствии с дого-вором, за исключением случаев, когда будут производится плановые или аварийно – восстановительные работы сетей, сооружений и оборудования, которые невозможно выпол-нить без отключения сетей абонентов;

6.2.2 Информировать Потребителей об изменениях тарифов на предоставляемые услуги через средств массовой информации не позднее чем за 10 дней;

7. Ограничения сторон
7.1 Потребителям запрещается:
7.1.1 Переоборудовать внутридомовые сети без согла-сования с Услугодателем;

7.1.2 Нарушать имеющиеся схемы учета услуг;
7.1.3 Наносить ущерб предприятию в виде сброса воды из водопроводных сетей или нецелевого использова-ния питьевой воды и т.п.

7.2 Услугодателю запрещается:

7.2.1. Визмать за предоставленные услуги плату, пре-вышающую установленным регулирующим органом;

7.3 Сторонам запрещается совершать действия нару-шающие действующее законодательство РК.

8. Ответственность сторон
8.1 Ответственность за надлежащее содержание обо-рудования и инженерных сетей возлагается на его собст-венника и определяется по границам раздела балансовой принадлежности.

8.2 В случае просрочки своевременной оплаты за пре-доставленные услуги, Потребители уплачивают неустойку в размере 0,1% от суммы задолженности за каждый день просрочки. Началом срока начисления неустойки является первый день месяца следующим за расчетным периодом.

8.3 По соглашению сторон возможно отсрочка пени Потребителей при их письменном обращении.

8.4 При нарушении п.7 п.п.7.1.3 потребители оплачи-вают сумму нанесенного ущерба , а также административ-ный штраф в размере до 10 МРП согласно ст.281 КоАП РК.
9. Общие положения и разрешения споров

9.1 В случаях, не оговоренных настоящим договором, Стороны руководствуются правилами предоставления ком-мунальных услуг, Водным кодексом РК, Гражданским ко-дексом РК, другими действующими актами.

9.2 Настоящий договор заключается на 2017 год и вступает в силу со дня его подписания и считается про-лонгированным, если за месяц до окончания календарного года не последует заявления одной из сторон об отказе от настоящего договора или его пересмотре.

9.3 Настоящий договор составлен в 2-х экземплярах, имеющих одинаковую силу, по одному каждой из сторон.

УСЛУГОДАТЕЛЬ
РайонноеГКП на праве хоз.ведения «Каргалы Су»
РНН 090300216304
ИИК KZ52722S000000568296
Банк ФАО «Kaspi bank» г.Каскелен
БИК CASPKZKA
БИН 100940008088
Код Кбе 16
Адрес: с. Каргалы ул.Подгорная 61 в
Директор _____ Билисбеков Ш.Ш.
МП
ПОТРЕБИТЕЛЬ
ФИО
ИИН
Уд.личн. № _____от _____г.
адрес_____

10.Адреса сторон:

Мектеп – білім берумен қатар, тағылымды тәлім-тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. «Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерге барамыз», – деп оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы лагерлерге баруға асығады. Жадыраған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы

Шаттыққа толы кезең

ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Біздің Б.Қыдырбекұлы атындағы орта мектеп жанынан маусым айында ашылған «Акерке» жазғы демалыс лагері үш ауысым бойынша жұмыс істейді. Қазіргі ауысымда демалыс лагерінде барлығы 40 бала алаңсыз сайрандауда. Олардың ішінде көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасының балалары бар. Мектеп медбикесі лагерге келген демалушылардың денсаулығын күнделікті тексеріп, олармен сауықтыру іс-шараларын жүргізеді.

Жазғы лагерьде балалардың сапалы тамақтануы да назардан тыс қалмаған. Арнайы бекітілген ас мәзірі бойынша балаларға жалпыға бірдей білім беру қорынан бір мезгіл тегін тамақ беріледі. Балалар арасында әртүрлі іс-шаралар мен спорттық ойындар өткізіп жүрген 2 тәрбиеші, 1 жаттықтырушы, 1 музыка жетекшісі және ағылшын тілі, орыс тілінің пән мұғалімдері бар. Лагерь демалушыларына әртүрлі ойындар ойнатылып, дойбы, шахмат жарыстары, тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ сайыстары өткізіліп тұрады. Бір мезгіл балдырғандар сурет салып, тақпақ жаттап, ән салады. Күнде жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, ертеңгіліктер, сайыстар өтеді.

Тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, балғындардың демалысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін, өнерлерін жұмсауда. «Көңілді старт», «Сөз ойла, тез ойла», «Күштілер, батылдар» сайыстарына оқушылар жаппай қатысады. Әдеп туралы әңгіме, әсемдік жайлы мақал-мәтелдер жарыстары өтеді. Сонымен қатар мәдени мұраны танып білуге арналған жыр алыбы Жамбыл мұражайына топ серуен ұйымдастырылып, оқушыларға білім мен рухани тәрбие қатар берілді.

Олардың емін-еркін ойнауына арналған арнайы алаңдар, бөлмелер жабдықталған. Демалушылар ойын-сауық құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Музыкалық, спорттық, шығармашылық және интеллектуалдық сайыстарға да белсене қатысады. Оқушылармен әңгімелессеңіз жаз мезгілін жылсайынасыға күтетінін, мектеп жанындағы лагерьге келу арқылы дос табатынын, түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтеретінін айтып, маз-мейрам болысады. Осылайша, лагерьдің әр күні мәнді де сәнді өтуде. Бұл тұста балалардың демалыс күндерін қызықты өткізуге үлес қосқан тәрбиешілердің еңбегін ерекше атап өтіп, жоғары бағалауға болады. Олар лагерьдің қызықты, көңілді өтуіне атсалысып, өз үлестерін қосты. Қорыта айтқанда, «Біз – бақытты баламыз» тақырыбында өткен «Акерке» жазғы лагері оқушылардың көңілінен шығуда.

Мейрамгүл ТҮРКІСТАН,
Балғабек Қыдырбекұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Талаптыға нұр жауар

Тәуелсіздік – ұлы ұғым. Оны жас ұрпақтың жадына сіңіріп, отансүйгіштікке баулуда білім ошақтарының алар орны ерекше. Қазіргі таңда жас ұрпақтың заман талабына сай жан-жақты білімді, қабілетті болып өсуіне ерекше көңіл бөлінуде.

«Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстаздарға жүктелер міндет ауыр», – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік, ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Білім басқарамасы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық

«Балалық шағың – патшаның тағы»

Білімнің дамуы – бүгінгі адамзат өркениетінің өлшемі, қоғамның басты көрсеткіші. Ол – тәуелсіз мемлекет ретінде



дамуымыздың, Елбасы межелеген мақсатты биіктерден көрінудің алғышарты.

Президент «Балапан» мен «Болашақ» бағдарламасын өскелең ұрпақ үшін жасаған болатын. Келер оқу жылына жақсы дайындықпен келу үшін тыңғылықты тынығу

қажет. Тоғыз ай уақытын мектепте өткізген оқушылар үшін жаз мезгілі ерекше. Олар демалып, жаңа оқу жылына шабытпен келіп,



білімін одан әрі жетілдіреді. Балаға жазғы демалыстың берері көп.

«Балалық шағың – патшаның тағы», деп ақындар жырлағандай, бақытты балалық шаққа не жетсін, шіркін! Жазғы демалысты есте қаларлықтай қызықты өткізу әр баланың

Мағыналы күндер маусымы

Жазғы демалысты әр оқушы асыға күтеді. Үңгіртас орта мектебінің ұйымдастыруы бойынша «Балауса» жазғы сауықтыру лагері маусым айының басында салтанатпен ашылған



еді. Содан бері негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босаған бастауыш сынып оқушылары үшін мұнда қызықты күндер өткізуге бар мүмкіндік жасалды. Тәрбиешілер оқушының бос уақытында дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, сондай-ақ, ойын арқылы шынығу-шындауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырды. Лагерьде ойын

алаңдары, спорттық бәсекелер өткізілетін арнайы алаң, ойын бөлмесі мен басқа да қажетті орындар бар. Онда демалуға лайықты жағдайлар жасалған. Бір мезгіл тамақпен қамтылады. Тәрбиешілер баланың жас ерекшелігін, психологиялық жағдайын, денсаулығын, мүмкіндігін ескере отырып, әрбіріне ерекше назар аударады. Ашылмаған жаңа қырларын ашуға, сырласып дос болуға қажетті жағдай жасайды. Тәрбиешілер Сүйінбай Аронұлы мен Жамбыл Жабаевтың мұражайына да саяхат жасап, би, ән сайыстарын, спорттық жарыстар ұйымдастыруға ден қойды. Сөйтіп, демалысты қызықты өткізуге атсалысты.

Балалардың жүрегіне қуаныш пен ізгілік сыйлаған жазғы демалыс лагерінде демалушылар бос уақытын мағыналы өткізіп, үйіне сергіп қайтты. Белгілі бір бағытта білімдері мен қабілеттерін жетілдірді.

Ж.ШАНШАРБЕКОВА,
Ж.ІЗТІЛЕУОВА,
Үңгіртас орта мектебі МДШО КММ бастауыш сынып мұғалімдері.

Спорт – саулық кепілі

Мектебімізде 5 маусым мен 15 маусым аралығында Қажымұқан спорттық клубы жұмыс жасады. 5 «А» және 5 «Ә» сыныптарынан 15 оқушыдан құралған лагерьге келушілер жазғы спорттық алаңның ашылуын эстафеталық ойындардан бастады. Күнделікті лагерь жұмысын таңғы жаттығулармен бастау дағдыға айналды.

Келесі күні оқушылар арасында қазақтың ұлттық ойындары ұйымдастырылып, салт-дәстүрлерге құрмет көрсетілді. Клуб мүшелері футбол ойынының қыр-сырын да меңгере түсті.

Клуб мүшелері үшін ең қызықты мереке «Әке, шеше және мен» атты жанұя жарысы болды. Бұл жарыста әсіресе, ата-

аналар өте белсенділік танытты. Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы осы іс-шара барысында одан әрі нығая түсті. Жоспар бойынша Ұзынағаш ауылындағы спорт кешеніне де саяхат жасалды. Саяхат барысында балалар үлкен әсер алып, спортқа деген қызығушылығын арттырды. Лагерь демалушылары волейболдан, баскетболдан, эстафеталық жарыстан өзара бәсекеге түсті. Осындай іс-шаралардың басы-қасында жүрген әрбір оқушы келешекте парасатты, бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып өсері хақ.

М.АБДУСАЛАМ,
Ынтымақ ауылындағы орта мектебі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Талаптыға нұр жауар



мәдени-ағартушылық жобасын іске асыру мақсатына орай бірталай өрелі істерді жүзеге асыруда. Айталық, Қарасу орта мектебі ұжымының сауықтыру лагерінде «Біз қазақша сөйлейміз» атты патриотизмді насихаттайтын іс-шара

өтті. Шара барысында мектеп кітапханашысы Ақмарал Боранбаева «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып, көрмеге шолу жасады. Бастауыш сынып мұғалімдері Айнұр Мұхамеджанова мен Әсем Керімбаева «Ананың тілі», «Ең бірінші бақытым – тілім менің», «Ана тілім – асыл қазынам» тақырыбы аясында байқаулар мен викториналар ұйымдастырды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Медет Қалабаев тоғызқұмалақтан оқушылар арасында жарыс өткізді.

Іс-шарада оқушылар өздерінің тапқырлығымен көзге түсіп, мақтау қағазымен марапатталды. Мінеки, осындай талантты жастарымыздың талаптарына нұр жаусын дей отыра, егеменді еліміздің көк туын

желбірететін ұрпақтарымыз аман болсын дейміз.

Н.ЕРМЕКҚЫЗЫ,
Қарасу орта мектебінің педагог-ұйымдастырушы.

арманы емес пе?! Осыған орай мектеп жанынан ашылған «Балдәурен» демалыс лагерінің жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Қазіргі уақытта соған сай жұмыс жүргізілуде.

Мектеп оқушыларына биылғы жазғы демалыс үлкен қуаныш сыйлады. Себебі, мектеп жанынан Бозой ауылының 45 жылдығына орай спорт алаңы ашылды. Спорт алаңында балалардың жас ерекшеліктеріне қарай түрлі спорттық ойындар, жарыстар, эстафеталар, спорттық би байқауы, ұлттық ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздары марапатталды.

Елімізде өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» көрмесі де балалар назарынан тыс қалмады. Олар көрмеге деген ықыласын бояу арқылы білдірді. Көрмеде өткізілетін іс-шаралармен танысып, өз ойларымен бөлісті. Халықаралық деңгейдегі көрме біздің елімізде өтіп жатқанын мақтан тұтатынын айтты. Осындай лебізден артық лебіз болмайтын шығар. Иә, балалар өздерінің жазғы демалысын қазір көңілді өткізуде. Ол үшін мектеп жанынан ашылған «Балдәурен» лагерінде барлық жағдай жасалған.

А.АҚАДЫРБАЕВА,
А.КӨНШІБАЕВА,
Бозой негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері.

Жазғы демалыс баршамыздың асыға күтетін мезгіліміздің бірі. Ал, балалар үшін ерекше қуаныш. Жаз кезінде балалардың демалысын тиімді өткізу және оларды лагерьлерге қамту жыл сайын дәстүрге айналған шара.

Лагерьдегі балалар қуанышы



Біздің Аксентір ауылындағы орта мектепте ашылған «Балдырған» жазғы демалыс лагері үш ауысым бойынша жұмыс істейді. Бүгінде жазғы демалыс орнында 409 бала каникулды көңілді өткізуде. Олардың ішінде көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары бар. Мектеп жанынан ұйымдастырылған лагерьде дебат, спорт клубтары мен үйірмелер және пәндік лагерьлер қамтылған. «Жасыл желек» көгалдандыру және құрылыс бригадасы құрылған.

Мектеп медбикесі лагерьге келген демалушылардың денсаулығын күнделікті тексеріп, олармен сауықтыру іс-шараларын жүргізеді. Тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, балалардың демалысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін, өнерлерін жұмсауда. «Көңілді старт», «Кім жылдам?», «Күштілер, батылдар» сайысына оқушылар белсене қатысады. Әр кезеңде жетекшілер оқушыларды саябаққа, мұражайға, ойын алаңдарына апарып жүр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынына сенім білдірді. Осыған орай оқушылар арасында «Елін қорғау – елге серт» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Дайын бол!» акциясы ұйымдастырылып, дебат мүшелерінің арасында скаут қозғалысы туралы дәріс сабақ өтті. Қазақ халқының ежелгі ұлттық спортының бірі – тоғызқұмалақ. Аксентір ауылындағы орта мектебі бұл ойыннан осал еместігін дәлелдеді. Балалар күніне орай аудандық жарысқа қатысып, командалық есепте І орынға ие болды. Команда жетекшісі – Адият Болтай.

Жуырда қазақстандық патриотизмді насихаттайтын «Біз қазақша сөйлейміз» атты іс-шара өткізілді. Жазғы лагерь демалысында жүрген балалар ауылдағы «Ару аналар» тобымен кездесті. Олар оқушыларға қазақтың салт-дәстүрі мен қол өнер үлгілерін көрсетті.

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жыл сайын жалғасын табады деген ойдамыз.

Бөбек ИШКАЛ,
Аксентір орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Пайдалы кеңес

Буынды қалпына келтіруге болады

Ауырсыну әсерін басып, буындардың жұмысын жақсартатын, халық медицинасында кеңінен қолданылатын рецепт.



300-400 грамм сарымсақ тазалаңыз, ет тартқыштан өткізіңіз, 1 литрлік банкаға салып, оны тазартылмаған өсімдік майымен толтырыңыз. Сол қоспаны 2 аптаға қараңғы жерге қойыңыз. Күнделікті қозғап тұруды ұмытпаңыз. Сарымсақ майын алыңыз. 3-4 қабат дәке қою арқылы сүзіңіз. Дәрі дайын.

Қалай пайдалануға болады: ауырған жерге жағыңыз (мысалы остеохондроз кезінде төменгі артқы жағына, артроз кезінде буындарға). Түнде полиэтилен және жылы шарф жабыңыз. Осылайша сіз алғашқы күннен бастап жеңілдікті сезініп, қозғалыстың қалпына келіп, ауырсынудың азайғанын байқайсыз. Емдеу мерзімі – 2 ай.

Сарымсақ ауырған жердің қан айналымын жақсартады. Осылайша буын қызметін қалпына келтіруге ықпал етеді.

Шашыңыз түсіп жүрсе...



«Шаштың өсуін жеделтетіп, қалыңдатады» деген жазуымен су-сабындар да, шашқа арналған түрлі маскалар да дүкен сөрелері мен дәріханаларда толып тұр. Десе де, олардың керемет нәтижесіне қа-

рық болып жатқандар аз. Сондықтан да кезінде әжелеріміз қолданған мына бір маскаға зер салып көріңізші. Ол үшін сізге керегі – нан мен су.

Қара нанды 3-4 бөлікке бөліп, бірнеше күн қатырып (кептіріп) қоясыз. Нан қап-қатты болуы керек. Үш литр ыдысқа (металл ыдыс болмасын) қатқан нанды салып, нанның бір бөлігін алатындай етіп, үстінен қайнаған ыстық су құйыңыз да оны 3 күн бұқтырып қойыңыз.

3 күннен кейін ыдыстағы масканы ысытып, нанын сүзіп алыңыз. Суын төкпеңіз. Сүзіп алған нанды сулы шашқа жағып, полиэтилен қап киіп, сыртынан жылылап орамалмен ораныз.

Жарты сағаттан кейін шашыңызды алдымен жылы сумен, ал одан кейін нан бұқтырған сумен жақсылап шайыңыз.

Бұл маска шашыңыздың түсуін тоқтатады. Сонымен қатар шаштың өсуі артып, жылтырай түседі.

Пікір

Бір жерде бәйге болады дегенді естісе, біздің халық алыс жолды ауырсынбайды. Баптаған тұлпарын күншілік жерден әкеліп ұлы бәйгеге қосады. Бұл – атқұмар халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі мінезі. Ал, бүгінгі таңда «бір жерде ит төбелестіреді екен», – десе, жгіттер жан-жақтан баптаған итін алып келетінді шығарды.

ИТШЕ ҰРЫЛДАСПАЙЫҚ



Сан ғасырлық тарихымызға үңілсек, бабаларымыз ит төбелестірмеген.

Жақында Алматының төңірегінде ит төбелестіруден бәсеке өткізіліпті. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген иттер бір-бірін аяусыз талап, қан-жоса еткен. Шайнасудың қалай өткені туралы интернет бетінде жүрді. Қанды шайқасқа қарап жаның түршігеді. Иттердің жақ терілері жалбырап, денесінен, аяғынан, мойын терісінен сау тамтық қалмаған, қып-қызыл қан. Оны тамашалап тұрған көрермендер болса, қарқ-қарқ күлкіге көміліп, бәйгеге ат қосқандай рахаттанып тұр. Мәз. Дуылдап, қолпаштап қояды.

Осыған қарап отырып ойлаймыз, біздің ата-бабамыздың салтында ит төбелестіру деген болып па еді, өзі? Жоқ, бұл біздің ұлтқа тән нәрсе емес. Қазақ халқы ешуақытта ит төбелестіріп, оны қызық көріп, ермекке айналдырмаған. Жалпы, ит төбелестіру әлемнің өзге елдерінде бар деп естуші едік. Енді бұл жағымсыз нәрсе біздің елге де келіп жетіпті. Бұған заң жүзінде қатаң тыйым салынуы керек шығар.

мақсатта, үй, мал күзетіне, аң аулауға пайдаланған, жолаушылағанда жанына ерте жүрген.

«Ит – адамның досы», «Жаксы ит өлігін көрсетпейді», «Ит иесін қаппайды» деген сөздер тегін айтылмаса керек. Енді не болдык? Шетелдің біздің елге түкке де қажеті жоқ салтын алып келіп, үйреткеніне мәз болып жүрміз. Ерсі көрмейміз. Тура бір бұрыннан бар нәрсе сияқты қабылдап, дамытып жатырмыз. Құмарта қызықтап, тамашалаймыз. Иттердің бір-

бірін қансыратып, өлімші еткенін хош көріп, қолпаштайтындар да аз емес. Мұнымыз қалай? Біз ауылдағы екі ит бір-бірімен ырылдасып, жұлмаласып жатса, оларды сол сәтте ажыратып жіберіп, екі жакқа қуып тастайтын қазақ емес пе едік?

Ит төбелестіру, оларды бір-біріне айдап салу адам бойындағы қатыгездікті өршітеді. Келешек жас ұрпаққа мұнымен қандай тәрбие бермекпіз? Мұндай ит төбелестерін көріп өскен жастар күні ертең өздері де иттей ырылдасып кетпесіне кетпесіне кім кепіл? Обал қайда? Адамшылық қайда? Осы бір жаман әдетті қоймасақ, күні ертең бүкіл аң-құсты бір-бірімен төбелестіруден де тайынбайтын шығармыз. Жаңғыртқан салтымыздың сыйқы осы ма? Ит төбелесінен опа тапқан елдер өз жолдарымен жүре берсін. Біз өз тарихы мен мәдениеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, тілі мен ділі, дүниетанымы бар елміз ғой. Осыдан аулақ болайықшы. Өзіміз ырылдасып кетпейік...

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Құттықтаймыз!..



1986 жылғы 4 шілде Құмарбек Заманханұлының отбасында ақ түйенің қарны жарылған айтулы күн болды. Аяулы

жары Гүлсағым Күнпейісқызы шекесі торсықтай егіз ұлды дүниеге әкелді. Есімдерін азан шақырып, ӘЛИ мен ҚАЗИ қойған болатын. Бүгінде екеуі ел қатарлы азамат болып, екі шаңырақтың иесі атанды.

Бір-бірінен айнымай қылықтары, деп атайтын «Ауылдың бұзықтары». Үшеуіміз жүруші ек тайталасып, Есте қалды, бал даурен қызық шағы.

Жүрсек тағы шет жайлап, қиыр қонып, Бала күннен бірге өстік, үйір болып. Туған күнің туыстар құтты болсын, Арылмасын қуаныш, үйіңнен құт.

Құрметті тілек иесі: Көгедай ШӘМЕРХАН.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Учреждению «Медицинский колледж «Ұзынағаш» требуются на постоянную работу:

- | | |
|---|---|
| 1. Преподаватели клинических дисциплин: | Оплата почасовая от 60000 тенге и выше. |
| – врач акушер гинеколог | 2. Преподаватель истории (магистратура) |
| – врач хирург | владеющий казахским и русскими языками. |
| – врач терапевт | 3. Технички с окладом 40000 тенге. |
| – врач терапевт | Обращаться по тел: 8 702 699 94 43, 3-73-20. |
| – врач общей практики | |

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продается СТО (Станция технического обслуживания)
2 подъемника, комната отдыха работников, комната под офис, туалет, душ. Есть помещения под открытие сопутствующего бизнеса (Столовой, буфета и т.д). обращаться по адресу с.Узынағаш ул.Сатпаева №115 (рядом с районной ветстанцией).
Тел. 8705 603 73 94 Сайлау.

СДАМ В АРЕНДУ
Действующую парикмахерскую обращаться по адресу и тел:
с.Узынағаш, ул. Карасай батыра № 9 Тел: 8705 603 73 94. Сайлау.

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

*** «КАЗпочта» АҚ-нан Кайырлбаев Жаксылық Абжапаровичтың атына берілген фельдъегер № 0600453 рұқсат қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Байғазиев Бакыт Койшибаевичтың атындағы Үңгіртас селолық округінен жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-045-036-584: 1/А мемлекеттік актісі мен Үңгіртас селолық округі әкімінің №1214 09.02.2007 жылы берілген тіркелген уақыты 14.02.2008 жылы 17:37 шешімі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ ЕМДЕУ

Соңғы үлгідегі жапондық аппарат 15-20 минутта бүкіл ағзаңызға 100% диагноз қойып, аурудың себебін анықтайды. Тәжірибелі маман кеңес береді.
Тел: 8 777 598 20 85.

КӨМЕК СҰРАЙМЫН

Отбасында барлығы жеті адамбыз. Оның төртеуі ІІ-ші топтағы мүгедек. Жалдамалы пәтерде тұрамыз. Өзімнің тұрақты жұмысым жоқ. Жағдайымыз өте қиын болғандықтан халықтан көмек сұраймын. Алланың ризалығы үшін мүмкіндігінше жәрдемдессеңіздер екен.

НҮРДИНОВ Ерлан.
Байланыс телефоным: 8775 328 11 62, 8 775 905 87 98

ЕСКЕ АЛУ



Жайсаң ауылының тұрғыны, арқа сүйеген ақылшы аға, қадірлі бауырымыз **СМАЙЛОВ Дидар Төреханұлы** 2016 жылдың 5 шілдесінде

қайтыс болған еді. Нұрлы бейнесін сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштап, жатқан жері жайлы болсын дейміз.

Жаксы едің сен жанында жалын ескен, Жарқ еткен оттай болдың жанып өшкен. Келмеске кеткеніңмен ағатайым, Шығармай жүрміз біз сені әлі естен. Бір жыл болды алыстады арамыз, Қарындастарың бауырларың күн сайын, Іздегенмен сені қайдан табамыз? деп еске алушылар: **қарындастары – Мадина, Албина, бауырлары – Сұлтан-Бейбарыс.**

Астанада биік-биік талғам бар

ТУҒЫРЫМ СЕН, ТУЫМ СЕН!

**Жарлауым –
халқыма менің арнауым!**

Той үстінде кезек берсе акынға,
Думандатып көсілмеген мақұл ма.
Жүрегімнен жыр емес-ау, бал тамсын,
Бәйге көрген бестің неден жасқансын.
Әрбір таңды жақсылықпен қарсы алған,
Бабалардың арманысың аңсаған.
Шуақ қала, гүл жайнай бер, бас қала,
Сан ғасырға аты кеткен Астана.
Тұғырым сен, туым да сен, сәулеттім,
Ақ нұрыңды Елбасына тәж еттің.
Айналайын салтанатты қалпыңнан,
Сұңқар құсым, биіктерге талпынған.
Атамекен жұлдызысың көктегі,
Жаңа жеткен қызғалдақты көктемі.
Тынысымсың, қымбатымсың, барымсың,
Бастай берсін болашаққа барысым.
Дос-жарыңа жыр-ән болып есілдің,
Жағасына жиып ерке Есілдің.
Жалт қараттың бүкіл ғалам Жер үстін,
Ынтымакпен жалғасқаны жең ұштың!
Қуанышқа жаралған ел әуелде,
Күн көзіндей жылу шашып әр елге.
Ел Қазақпыз! Танымалмыз әлемге,
Қанат қақсын ақ көгершін сәлемге.
Күллі әлемді бейбіт құсым шарласын,
Бөгет, кесір аяғынан шалмасын.
Ақын төксін тәтті жырын ең асыл,
Тербеп таңнан бұлбұл үні тал басын.
Жыр Жамбылдың, Қарасайдың ауылынан,
Ақындық пен батырлықтың дауылынан,
Тәпсім еттім асқаралы тауымнан,
Еңбек сүйгіш Жетісулық қауымнан.

**Жарлауым –
халқыма менің арнауым!**

Мерекеңмен, туған Ел!
Көтерген азат байрақты.
Алқа базар құрылса,
Бәйге кер жырын сайлапты.
Арқа қозбас желпінбей,
Сіздердей көрмей қаймақты.
Ақ бөкенше ормалап,
Надежда тілін сайратты.
Желмаясы жеріңнің,
Бастасын сөзін жасқанбай.
Сәлем бердім, уа, халқым,
Алдымен құрдас қарттарға-ай!
Тәй-тәйлатқан Заманын,
Тізгінді тартқан жастарға-ай!
Лебіз ашып, сөйле тіл,
Қазақтың, көңілі тасқанда-ай!
Шаттан, Қазақ, шаттан жұрт,
Басталды тойың дүбірлі.
Талабыннан тартынба,
Көкірек, шіркін, күмбірлі!
Сатырлаған жиында
Бас қосты ұлттар жүз түрлі.
Ажарына қарасам –
Елестейді қыр гүлді.
Қамқорлығы әкедей,
Қорғаным бар да, Отаным,
Ақиық қазақ орнатсын,
Жаннаттың бағын – Нұр тауын!

**Надежда ЛУШНИКОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері.**

Жер шары тұрған мынау шыр айналып,
Тұрғандай Астанамен шырайланып.
Аспаны мың сан түспен боялады,
Жұлдыздар жарқылымен арайланып.

АЛАШТЫҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ

Бейне бір текеметтің өзі дерсің,
Өрнегі – бабалардың сөзі дерсін.
Жиналған адамзаты бар әлемнің,
Оқысын, зерделесін, көзі көрсін.

Көрсоқыр іші күйсін Бораттардың,
(Еліме көзі түзу жаратқанның).
Нұрсұлтандай Елбасы елін бастап,
Әлемді өз аузына қаратқан күн.

Сырттағы қандастарды жинап алып,
Дәстүрлі қонақ кәде сыйлап алып,
Күрмеуін алты Алаштың шешіп берді.
Шет елде қалған жұртты бұйдаланып.

Ғасырлап салса өзгелер астанасын,
Алдымен үй тік, жаппа баспанасын.
Нұрекең өзі бастап Бәйтеректі,
Қуантты қариясын, жас баласын.

Асқақтай бер, Астанам, жасыл қалам!
Ордасы болған елдің асыл қалам.
Жырыммен мен де бүгін жалын атам,
Лүпілі жүрегімнің басылмаған.

Алыстан жарқырай бер нұр – Астана,
Бабалар арман қылған бұл – Астана.
Адамзат ынтымағына дәнекер болып,
Мәңгілік бағдар шам боп, тұр Астана!

**Тұрсынбек ЕШЕНҚҰЛОВ,
Қарғалы ауылы.**

САРЫ АЛТЫНДАЙ ЖАЙНАДЫҢ

Беу, Астана ардағым,
Айдын шалқар орманым.
Сарыарқаның төсінде,
Сары алтындай жайнадың.
Ата-бабам аңсаған,
Азат жолды таңдадың.
Күлтегінің көксеген,
Орындадың арманын.
Тоныкөктің үні боп,
Толайым жыр толғадың.
Абылайдың туы боп,
Ақ тұғырға орнадың.
Тәуелсіздік көгінде,
Қыран құстай самғадың.
Құтты болсын берекең,
Болат тұяқ тарланым!
Бөрі текті ұлыңды,
Көк тәңірі қолдадың.
Бар әлемге танылған,
Бар ма сенің арманың.
Ата берсін – Астанам,
Арайланып тандарың!

**Әуелбек ЫСҚАҚ,
Үмбетәлі ауылы.**

АҚ АРУ – АСТАНА

Елордасы, Астанасы елімнің,
Тойламақшы жиырма жасын ел бүгін.
Шашу шашып сенің туған күніне,
Ақтарамын жүректің мен мың сырын.

Қалықтап көгімде қыраным айбынды,
Қуаныш төрінде өткізіп ай-күнді.
Тәуелсіз ел болып шарықтап жайдары,
Ұмытты бұл күні қазағым қайғыны.

Асқақтап беделің тұр ғой биіктеп,
Атағың жер жарып әуеде қалықтап.
Елімнің рухани өрлеуі Астана,
Бір Алла жарылқа, бағыңды үйіп-төк.

Аңызға айналған дастандай,
Ақ ұлпа ақша бұлт аспандай,
Аруым өзіңсің, көз тартар Астана,
Өзіңмен отырам қалайша мақтанбай.

Жырымды арнаймын өзіңе жасқанбай,
Шаруадай ыстықта шөл демін басқандай.
Тәнті етіп әлемді өзіңе қараттың,
Аруым – Астанам, сұлуым ақ маңдай.

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

ШАТТАНАДЫ ЖҮРЕГІМ

Әсем қала, ал қуанып қал бүгін,
Ару қала әуеніңе сал бүгін.
Елбасының арқасында еленген,
Көркеюде өзгелердің алдымын.

Сұлу қалам гүлдей болып құлпырған,
Сұлу қалам әлем тәнті сыртыңнан.
Осы саған мен ғашықпын ішімнен,
Содан менің жүрегімнен жыр туған.

Бүгін сенің туған күнің білемін,
Ал, ерекше шаттанады жүрегім.
Тірлігімде мақтанышым – Астана,
Мәңгі жайнап, өркендей бер, ұлы елім!
Саған ғана бар жақсылық тілерім...

Әйгерім ДӘУІТБЕКҚЫЗЫ.

БЕУ, АСТАНА!

Ерке Есіл ағысыңнан айналдым,
Төңірегін меруертпен зерлеген.
Ел сенетін ертегіге айналдың,
Беу, Астана, шабытымсың кернеген.

Қиялымнан озып кеткен екенсің,
Сен дегенде ақтарылар жыр-жақұт.
Бар әлемді бас игізген мекенсің,
Беу, Астана, маңдайдағы бір бақыт!

Сарыарқаның сылдырмағы секілді,
Самайыңнан қоңыр самал еседі.
Сенде өскен ұл мен қыздар кекілді
Сақ пен Ғұнның мұрагері кешегі.

Аңыз дала арқасына көтерген,
Ару қала аспаныңда күн-қыран.
Жусаныңа сағынышым төселген
Беу, Астана, берекелі күмбір ән!

Елім неге саған басын имесін,
Қас сұлудай қалың жұртты қаратқан.
Сұқтанғанның тілі, көзі тимесін
Беу, Астана, жар болсыншы Жаратқан!

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Жақұптай жанған жас қала

«Астана – Ұлттық тұтастығымыздың мәселесі ең өткір қойылған арғы Тоқтамыс пен Едіге, бергі Тәуке мен Абылай замандарында билік ордасының бұл маңайға қайта-қайта көшіп келіп, көшіп кетуінде де көп сыр бар».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жер шарын мекен еткен тұрғындар арасында табан тірейтін топырағы, арқа сүйейтін Отаны жоқ қаншама ұлттар мен ұлыстар бар. Жаратқанға мың шүкір, айбынды еліміз, асқар тау көліміз, тәуелсіз еліміздің барлығына.

Сарыарқа төсіндегі көздің жауын алатын, тотыдай түрленген әсем қала Астана – қазақ елінің асқақ айбары мен биік беделінің символы. Жадыраған жаз айында жауқазындай жайнап, тотыдайын түрленген Бас қаланың мерейтойын тойлау тұтас қазақ жұртының жүрекжарды қуанышы болып есептеледі.

Әлем назарын өзіне бұрған ару қалада халықаралық іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өзге жұртты талай мәрте таңдай қақтырды. Осындай ғажайып сәттердің куәсі бола отырып, Түркі дүниесінде өзінің алабөтен орны бар көшпенділердің заңды ұрпағы саналған ғұн мен сақтан қалған салықалы ұлт екенімізді әлемге дәлелдедік.

Ел тұтқасын ұстаған сарабдал саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрегендігінің арқасында жаһандануға бет алған заман көшінде өзгелерден артта қалмай, алдыңғы қатарда келеміз. Шекарасы бекем, ынтымағы жарасқан Ұлы дала елінің алар асу, бағындырар биігі әлі алда.

«Біз Алатаудың бауырындағы Алматыға сыя алмай емес, Алматыны қыя алмай кетіп барамыз», – деген Елбасының туған жерге деген ыстық ықыласынан туған сөзі елі мен жерінің, ұлтының болашағын ойлап, халқының тағдыры үшін белін бекем бұған ердің жүрек қалауы мен жауапкершілігінің көрінісі еді.

Ғасырлар тоғысында сындарлы жылдардың соқпағынан сүрінбей өтіп, бодандық бұғауынан құтылып, есімізді жия бастаған тұста Елбасы Алматыдағы астананы Арқадағы Ақмолаға көшіргені ұлы бетбұрыс еді. Сол кезеңде ел ішінде сан-түрлі көзқарасын ортаға салған адамдар аз болмады. Ақыры, басталған ұлы бастамада өз ретін тауып, көсіле аққан ерке Есілдің жағасында ақшаңқан ғимараттар шағаладай тізілді, жұлдыздай жарқырай түсті.

Ерлігі мен өрлігі ұрпаққа өнеге болған қасиетті қазақ жерінің шежіресі тарихи оқиғаларға толы. «Мың өліп, мың тірілген» ұлтымыздың ұланғайыр даланы аман сақтап, бір сүйем жерін қызғыштай қорып, атадан балаға мирас етуі болашақты бағамдап, ұрпақ қамын ойлағандық. Біз бабаларымыздың рухы алдында мәңгілік қарыздармыз. Оның өтеуі – Отанды шынайы жан діліңмен, ғазиз жүрегіңмен сүюден басталады.

Алты алаштың айбынына айналған Астананың тойы тарқамасын.

Көгедай ШӘМЕРХАН.

**• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі**

**Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен”
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі.**

**Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ**

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru
• Таралымы – 4891 дана. Тапсырыс – 27
• Индекс – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».